Қазақ
كازاقية
01/78

Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы 1

Имамға және жеке өзі намаз оқитын адамға өзінің алдына бөгет «сутра» қоюы сүннет болады. Имамның сутрасы оның артынан ұйып намаз оқитындар үшін де сутра болып табылады.

Намаз барысында адамның назары сәжде жасайтын орынға бағытталған болуы керек, әрі намаз оқып тұрған адам көзін басқа жаққа қаратпауы керек.

1

Ол табандарын екі иығының деңгейінде, оның иығының шеттері табанының сыртқы жақтарымен бір деңгейде болып тұратындай етіп қоюы керек.



2

Ол намаздың барлық шарттарын орындап болған соң, екі алақанын құлағының сырғалықтарына дейін немесе иықтарына дейін көтеріп: « اللهُ أكبرُ » «Аллаһу акбар», - деп тәкбір айтуы керек, әрі осы орайда оның алақандарының ішкі жағы саусақтарының арасы жабық күйде қыбла жаққа қарауы қажет.



3

Кейін ол оң алақанының ішкі жағын сол алақанының сыртқы жағына, немесе сол қолының білезік шынтағына, немесе білегіне қойып кеудесіне орнатады.



4

Кейін оған «әл-истифтах» дұғасын оқу мустахаб болады, әрі бұл тек бірінші ракағатта ғана жасалады.
«Истифтах» дұғасының хадистерде келтірілген әртүрлі үлгілерін оқу абзал болып табылады, Мысалы, ол:
(«Субханәкә, Аллаһуммә, уә бихамдикә, уә табаракә-смукә уә тәғәлә жәддукә уа лә иләһә ғайрук»), - деп айтады.
Кейін ол Сүннетте келтірілетін төмендегідей сөздермен мағыналас дұғамен Аллаһқа шайтаннан пана сұрап жалбарынады:

(«Әғузу би-Лләһи мин әш-шайтани-р-ражим»).
Кейін ол : («Бисми-Лләһи-р-рахмани-р-рахим»), - деп, ізінен «әл-Фатиха» сүресін оқиды:
(«Әлхамду ли-Лләһи Раббиль-ғааләмин, әр-Рахмани-р-Рахим, Мәәлики яуми-д-диин. Ийякә нәғбуду уа ийякә нәстағиин, иһдинә-с-Сыротәл-мустақийм, сыротәл-ләзинә әнғамта ғаләйһим, ғойрил-мәғдууби ғаләйһим уә-лә-д-дооллииин»).
Кейін ол өзі білетін аяттарды оқиды, бірақ сүрелердің басында «әғузу» дұғасын оқымайды, тек «бисмилләһи-р-рахмани-р-Рахиим»-ді оқиды.

5

Кейін ол намазға кіргендегідей екі қолын көтеріп: («Аллаһу акбар»), - деп айтады да, әрі сол мезетте рукуғ жасауға көшеді.
Рукуғта тұрған кезінде ол екі алақандарын тізелерінің үстіне қойып оларды ұстайды, бірақ шынтақтарын бүкпейді әрі басын желкесінің денгейінде ұстап: («Субхана Раббиял-Ғазыйм»), - деп ең аз дегенде бір рет айтады. Рукуғта Сүннетте келген тасбихтың басқа да түрлерін айту мустахаб (абзал) болады.



6

Кейін ол: «Сәмиғә-Лләһу лимән хамидәһ»- деп, рукуғтан бас көтеріп, бойын түзейді әрі осыны істеумен бір мезетте екі алақанын құлақ сырғалықтарының немесе иығының деңгейіне дейін көтереді.

Кейін ол бойын тік түзеп тұрып: («Раббана, уа ләкәл-хамд»), - деп айтады. Сүннетте осы тұрыста айтылу үшін келтірілетін басқа да сөздерді айту мустахаб болады.

Кейін ол екі қолын көтермей: («Аллаһу акбар»), - деп айтып, сәждеге иіледі. Сәжде дененің жеті мүшесіне жасалады, олар: маңдай, мұрын, қос алақан, қос тізе әрі қос табан.

Сәжде жасап жатқан кезде екі білек денеге, қарын екі санға, екі сан жіліншікке жабыспайтындай, сондай-ақ екі білек жерге төселмейтіндей етіп тұру керек.



7

Сәжде жасап жатқан кезде ол: («Субхана Раббиял-Әғлә»), - деп ең кемінде бір рет міндетті түрде айтады. Сүннетте сәждеде айту үшін келтірілетін басқа да сөздерді айту құпталатын іс болып табылады.



8

Кейін ол: («Аллаһу акбар»), - деп, сол аяғын астына жайып, соның үстіне отырады. Әрі осы орайда оның оң аяғының табаны жерге тік тұрғызылып, оның саусақтары Қыбла жаққа бағытталған күйінде қойылады. Осы мезетте ол екі алақанын саусақтары тізесінің жақын болатындай етіп екі санының үстіне қойып: («Рабби-ғфир ли, Рабби-ғфир-ли»), - деп айтады.
Ол үш ракағатты және төрт ракағатты намаздардың соңғы отырысындағы ташаһһудтарынан бөлек намаздың барлық отырыстарында осылайша үлгімен отырады. Ал соларда ол «тауарруқ» деп аталатын, оның сол жіліншігі жерге жайылған, ал екі аяғы да астынан оң жаққа шығарылатын әрі осы орайда сол аяғы оң аяғының саны мен жіліншігінің астынан өткізілетін және оның оң аяғының табаны жерге тік тұрғызылып, саусақтары Қыбла жаққа бағытталған үлгіде отырады.



9

Кейін ол: («Аллаһу акбар»), - деп, дәл бірінші сәжденің үлгісімен екінші сәжде жасайды.
Кейін ол: («Аллаһу акбар»), - деп, екінші ракағатқа тұрады да, онда бірінші ракағатта істеген нәрселерін істейді, тек «такбират әл-ихрам» мен «әл-истифтах» дұғасын жасамайды, өйткені олар тек бірінші ракағатта ғана оқылады.

Екінші ракағатты орындап болған соң ол ташаһһудты айту үшін отырады.

Ташаһһудта ол оң қолының барлық саусақтарын жұдырыққа жұмып, сұқ саусағын қыбла жаққа бағыттап, көзін соған қаратып отырады.
Сұқ саусағымен нұсқау кезінде, ол бас және орта бармақтарын бір біріне шеңбер етіп қосады, әрі сұқ саусағын қозғалтып, ол арқылы Аллаһқа дұға жасайды.

Кейін ол ташаһһуд пен салауатты оқиды : («Әт-тахийяту ли-Лләһи уә-с-соләуәту уә-т-тойибату. Әс-сәләму ғаләй-ка әйюһә-н-нәбийю, уә рахмату-Лләһи уә баракатуһу. Әс-сәләму ғаләй-на уә ғалә ғибади-Лләһи-с-солихийн. Әшһаду әллә иләһа иллә-Лләһу уә әшһаду әннә Мухаммадан ғабду-һу уә расулю-һу»).
(«Аллаһуммә, солли ғалә Мухаммадин, уә ғалә әли Мухаммадин, кәма солләйта ғалә Ибраһима, уә ғалә әли Ибраһима, иннә-кә хамидун мәжид! Аллаһуммә бәрик ғалә Мухаммадин, уә ғалә әли Мухаммадин, кәма баракта ғалә Ибраһима, уә ғалә әли Ибраһима, иннә-кә хамидун мәжид!»)
Кейін ол Аллаһтан төрт нәрсенің кесірінен пана-қорғау сұрайды :

(«Аллаһумма, инни ағузу бика мин ғазаби-ль-жәһаннам, уа мин ғазаби-ль-қабр, уа мин фитнати махья уа мамати, уа мин шарри фитнати масихи-д-дәжжәл»).
Кейін ол Аллаһқа кез-келген дұғамен жалбарынады, бірақ Құранда немесе сенімді Сүннетте келген дұғаларды және соларға қоса:
(«Аллаһуммә, әғинни ғалә зикрикә уә шукрикә уә хусни ғибадатик»), - деген дұғаны айтқаны жақсырақ болады.
Кейін ол басын оң жаққа бұрып: («Әс-сәләму ғаләйкум уә рахматуллаһ», - деп, сосын сол жаққа да: («Әс-сәләму ғаләйкум уә рахматуллаһ»), - деп сәлем беріп намазын аяқтайды. Әрі осы орайда ол сәлем беріп жатқанда иықтарын бір қалыпта ұстайды әрі басын жоғарыға да төменге де имейді.



10

Дайындаған : доктор Хайсам Сархан, Пайғамбар Мешітінің бұрыңғы ұстазы және «Сүннет Институтының» жетекшісі, mahadusunnah.com

Аударма жасау құқығы шектелмеген, аудару үшін сілтемені басыңыз: sarhaan.com , немесе штрих-кодты көшіріңіз